



«Астана медицина университеті» КеАҚ

Стр 1 из 41

Қабылдау емтиханының бағдарламасы

**«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-ДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ТҮСУ ҮШІН МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРГЕН  
АЗАМАТТАРМЕН ӘНГІМЕЛЕСУ ӨТКІЗУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана 2026 ж.

## Мазмұны

1	Қолданылу мақсаты мен саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі бөлім	3
3.1	Қысқаша ақпарат	3
3.2	Сұхбат өткізу нысаны	3
3.3	Сұхбат мазмұны	3
3.4	Құжаттарды қабылдау кестесі және қабылдау емтиханын өткізу мерзімдері	4
3.5	Апелляция	4
3.6	Байланыс ақпараты	4
	1-қосымша. Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша базалық білімді бағалауға арналған сұхбат сұрақтары	5
	2-қосымша. Бағалау шкаласы	35
	3-қосымша. Сұхбатқа қатысу туралы өтініш	36
	4-қосымша. Апелляцияға өтініш	37
	Келісу парағы	38

## **1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

**1.1** Бағдарлама жоғары білім беру бағдарламаларына түсушілерге арналған.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

**2.1** Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

## **3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

### **3.1 Қысқаша ақпарат**

«Астана медицина университеті» КеАҚ-ның (бұдан әрі – Университет) жоғары білім беру бағдарламаларына мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау тәртібі Университеттің жоғары білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтармен әңгімелесу өткізу бағдарламасы әңгімелесуді өткізу тәртібін айқындайды.

Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдау мерзімді әскери қызметті өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтармен әңгімелесу өткізу жөніндегі комиссия жүргізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды оқуға қабылдау келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген Қазақстан Республикасы азаматтары оқу мерзімі қысқартылған жоғары білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде қабылданады. Қабылдау күнтізбелік жыл ішінде мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтармен әңгімелесу өткізу жөніндегі комиссия жүргізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды оқуға қабылдау келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

### **3.2 Әңгімелесуді өткізу нысаны**

Әңгімелесу келесі мақсаттарда өткізіледі:

- академиялық және кәсіби дайындық деңгейін анықтау;
- оқуға деген уәждемені айқындау;
- коммуникативтік және тұлғалық қасиеттерді бағалау.

Әңгімелесу жеке түрде, офлайн форматта өткізіледі.

Әңгімелесу ұзақтығы: **15–25 минут**.

Өткізу тілдері: **қазақ, орыс, ағылшын**.


Әңгімелесу барысында талапкер жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсетуі тиіс.

Әңгімелесу өткізу кезінде тәртіп бұзушылық анықталған жағдайда, әңгімелесу өткізу жөніндегі комиссия әңгімелесуді тоқтатуға және оның нәтижелерін жоюға құқылы.

### **3.3 Әңгімелесу мазмұны**

Әңгімелесу келесі бөлімдерді қамтиды:

- кіріспе бөлім (жеке тұлғаны сәйкестендіру, өзін таныстыру);
- тілдік құзыреттілікті бағалау (ауызша сөйлеу, түсіну деңгейі);

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	Стр 4 из 41
	<b>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</b>	

- базалық білімді тексеру (толық оқу мерзімі бойынша – биология, химия; қысқартылған оқу мерзімі бойынша – мамандықтар бойынша) (1-қосымша);
  - уәждемені бағалау (мамандықты таңдау себептері);
  - коммуникативтік дағдыларды бағалау (қарапайым жағдаяттық сұрақтар).
- Әңгімелесу нәтижелері бағалау шкаласына сәйкес бағаланады (2-қосымша).

### **3.4 Құжаттарды қабылдау кестесі және әңгімелесуді өткізу мерзімдері**

#### **1-кесте**

<b>Құжаттарды қабылдау мерзімі</b>	<b>Сұхбат өткізу күндері</b>	<b>Апелляцияға өтініштер қабылдау мерзімі</b>
1 шілде – 3 тамыз	5–14 тамыз	Нәтижелер жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін

**\*Әңгімелесу өткізу кестесі** (нақты күні, уақыты, үміткердің Т.А.Ә.) біздің сайттың «Оқуға түсушілерге» бөлімінде жарияланады.

Талапкердің қабылдау емтиханын тапсыру үшін аудиторияға жіберілуі жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте қабылдау емтиханы бейне және (немесе) аудио жазба құралдарымен жабдықталған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

#### **Құжаттар тізбесі**

Мерзімді әскери қызмет өткерген тұлғалар әңгімелесуге қатысу үшін қабылдау комиссиясына 4-қосымшаға сәйкес өтініш береді және келесі құжаттарды қоса тапсырады:

- білімі туралы құжат (диплом, қосымшасы, түпнұсқасы және көшірмесі);
- жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);
- көлемі 3 × 4 сантиметр болатын 6 фотосурет;
- 075/у нысанындағы медициналық анықтама (түпнұсқа және көшірме), флюорография суреті, 063/у нысанының көшірмесі (екпе картасы);
- әскери билетінің көшірмесі.

### **3.5 Апелляция**

Апелляциялық өтініштер қабылдау емтиханын тапсырған тұлға тарапынан апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке беріледі. Өтініштер қабылдау емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады (5-қосымша).

### **3.6 Байланыс ақпараты**

**Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 49А, «Астана медицина университеті» КеАҚ**

Қабылдау комиссиясының телефоны: 8 (7172) 53-95-12

Ұялы телефон: +7 708 494 21 79

E-mail: priyem@amu.kz.

**Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша базалық білімді бағалауға арналған әңгімелесу сұрақтары**  
**ХИМИЯ**

1. Негізгі ұғымдар: элемент, атом, моль, молярлық масса, молярлық көлем.
2. Химияның негізгі заңдары: зат массасының сақталу заңы, құрам тұрақтылық заңы, Авогадро заңы.
3. Металдар мен бейметалдар туралы түсінік. Жай және күрделі заттар. Салыстырмалы атомдық және молекулалық массалар.
4. Зат мөлшері. Молярлық масса. Жай және күрделі заттардың салыстырмалы молекулалық массасын және молярлық массасын есептеу.
5. Күрделі заттардағы химиялық элементтердің массалық үлесін есептеу, химиялық формулалар бойынша молярлық массаны, массаны және зат мөлшерін анықтау.
6. Берілген масса немесе зат мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың санын есептеу. Белгілі бір зат мөлшеріндегі атомдар (молекулалар) санын анықтау.
7. Химиялық элементтердің валенттілігі. Екі элементтен тұратын қосылыстардың формулаларын құрастыру. Периодтық жүйедегі орны бойынша валенттілікті және тотығу дәрежесін анықтау.
8. Физикалық және химиялық үдерістер. Химиялық реакциялар. Реакциялардың белгілері мен жүру шарттары. Химиялық реакция теңдеулері.
9. Химиялық реакциялардың түрлері (алмасу, орынбасу, қосылу, айырылу).
10. Атомның құрамы мен құрылысы, электрондық сызбасы, s-, p-, d-элементтердің құрылысы.
11. Д.И. Менделеевтің периодтық заңы. Атом құрылысы теориясы тұрғысынан Д.И. Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық жүйесі.
12. Химиялық элементтің периодтық жүйедегі орны бойынша сипаттамасы және оның қасиеттері.
13. Атом құрылысы негізінде химиялық элементтің сипаттамасы және оның қасиеттері.
14. Тірі және өлі табиғаттағы химиялық элементтер. Макро- және микроэлементтер және олардың тірі жүйелер үшін маңызы.
15. Атомның электртерістілігі. Периодтық жүйедегі орны мен атом құрылысына байланысты электртерістіліктің өзгеру сипаты.
16. Негізгі топшалар мен периодтардағы элемент қасиеттерінің периодтылығы; металдар мен бейметалдардың, жоғары оксидтер мен гидроксидтердің, сутекті қосылыстардың тотығу-тотықсыздану және қышқылдық-негіздік қасиеттерінің өзгеру периодтылығы.
17. Ковалентті байланыс. Түрлері: полюсті және полюссіз. Ковалентті байланыстың қасиеттері.
18. Донорлы-акцепторлы механизм бойынша түзілетін ковалентті байланыс.
19. Иондық байланыс. Металдық байланыс.
20. Сутектік байланыс, оның түрлері (молекулааралық, молекулаішілік), түзілу механизмі және маңызы.
21. Жай және күрделі заттардың қасиеттерінің химиялық байланыс түрі мен кристалдық торға тәуелділігі.
22. Оттек – химиялық элемент және жай зат. Оттекті алу және қолдану. Оттектің физикалық және химиялық қасиеттері. Тотығу.

23. Оксидтер, номенклатурасы. Оттектің аллотропиясы, озон, Жердің озон қабатының маңызы.
24. Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. Химиялық реакциялардың жылу эффектісі. Термохимиялық теңдеулер.
25. Сутек – химиялық элемент және жай зат. Изотоптары.
26. Сутектің қасиеттері, алынуы және қолданылуы.
27. Химиялық элементтердің тотығу дәрежесі. Қосылыстар формуласы бойынша тотығу дәрежесін анықтау. Сутектің бинарлы қосылыстары.
28. Тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш: анықтамалары, мысалдары. Тотығу-тотықсыздану реакциялары.
29. Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы. Су – еріткіш.
30. Ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі. Молярлық концентрация.
31. Қатты заттардың, сұйықтықтардың және газдардың суда ерігіштігі. Кристаллогидраттар.
32. Жай және күрделі бейорганикалық заттардың жіктелуі. Металдар және бейметалдар.
33. Сілтілік металдар: химиялық элементтер, жай заттар, элементтер мен олардың қосылыстарының биологиялық рөлі.
34. Галогендер: химиялық элементтер, жай заттар, элементтер мен олардың қосылыстарының биологиялық рөлі.
35. Натрий, натрий қосылыстары: қасиеттері, алынуы және қолданылуы.
36. Хлор, оның маңызды қосылыстары: қасиеттері, алынуы және қолданылуы.
37. Оксидтер: жіктелуі, қасиеттері, алынуы.
38. Қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы.
39. Индикаторлар. Бейтараптану реакциялары.
40. Негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы.
41. Тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы.
42. Бейорганикалық заттар кластары арасындағы генетикалық байланыс.
43. Электролиттер және бейэлектролиттер. С. Аррениустың электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидалары. Электролиттік диссоциация механизмі.
44. Күшті және әлсіз электролиттер. Диссоциация дәрежесі.
45. Қышқылдардың, сілтілердің және тұздардың сулы ерітінділерінің электролиттік диссоциациясы. Көпнегізді қышқылдардың, қышқыл және негіздік тұздардың диссоциациясы.
46. Ион алмасу реакциялары және олардың жүру шарттары.
47. Катиондар мен аниондарға сапалық реакциялар.
48. Электролиттік диссоциация теориясы тұрғысынан қышқыл ерітінділерінің химиялық қасиеттері.
49. Электролиттік диссоциация теориясы тұрғысынан негіздер ерітінділерінің химиялық қасиеттері.
50. Электролиттік диссоциация теориясы тұрғысынан тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері.
51. Тұздардың гидролизі. Гидролиздің маңызы.
52. Бейметалдар және олардың маңызды қосылыстары.
53. Химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі IV–VI топтардың негізгі топшаларындағы элементтердің салыстырмалы сипаттамасы. Бейметалдардың электртерістілігі. Бейметалдардың тотығу-тотықсыздану қасиеттері.

54. Бейметалдарды алудың жалпы тәсілдері. Күкірт, күкірт қосылыстары, аллотропиясы, күкіртсутек, күкірт оксидтері.
55. р-элементтердің химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі орны және олардың атом құрылысының ерекшеліктері.
56. Күкірт қышқылы және оның тұздары. Концентрлі және сұйылтылған күкірт қышқылының қасиеттері, сульфат-иондарды анықтау, қолданылуы.
57. Азот және оның маңызды қосылыстары: аммиак, аммоний тұздары, азот оксидтері.
58. Аммиакты алу, аммиактың сулы ерітіндісінің және аммоний тұздарының қасиеттері.
59. Азот қышқылы және оның тұздары. Концентрлі және сұйылтылған азот қышқылының қасиеттері, нитрат-иондарды анықтау.
60. Фосфор және оның маңызды қосылыстары. Аллотропиясы, фосфор(V) оксиді, фосфор қышқылы және оның тұздары.
61. Көміртек және оның қосылыстары. Аллотропиясы, адсорбция, көміртек оксидтері, көмір қышқылы, оның тұздары, карбонат-иондарды анықтау.
62. Кремний және оның қосылыстары. Силикаттар, сұйық кристалдар.
63. Галогендер. Химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі орны, галогендердің салыстырмалы сипаттамасы.
64. Хлорсутек, тұз қышқылы, хлоридтер, хлорид-иондарды анықтау, йодтың адам ағзасы үшін биологиялық рөлі.
65. Металдар және олардың маңызды қосылыстары. Атом құрылысы мен периодтық жүйедегі орны бойынша жалпы сипаттамасы.
66. s-элементтердің периодтық жүйедегі орны, атом құрылысының ерекшеліктері, металдық және тотықсыздандырғыш қасиеттерін салыстыру.
67. Натрий мен калий, магний мен кальций: физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру, алу тәсілдері, рөлі.
68. Натрий, калий, магний, кальцийдің маңызды қосылыстары: оксидтері, гидроксидтері, тұздары, қасиеттері және қолданылуы.
69. Металдық кристалдық тор, металдық байланыс. Металдардың кернеу қатары.
70. Металдар атомдарының құрылысына салыстырмалы сипаттама (I–III периодтар).
71. Кальций, оның қосылыстары, атом құрылысы, гибридтену түрі.
72. Судың кермектігі және оны жою тәсілдері. Кальцийдің биологиялық рөлі.
73. Алюминий және оның қосылыстары. Алюминий мен алюминий оксидінің амфотерлігі, қолданылуы.
74. d-элементтердің периодтық жүйедегі орны, атом құрылысының ерекшеліктері. Мыс пен мырыштың рөлі, алынуы, физикалық және химиялық қасиеттері.
75. Темір және оның қосылыстары (темірдің II, III оксидтері мен гидроксидтері), физикалық және химиялық қасиеттері. Темір қосылыстарының генетикалық байланысы.
76. Металдар мен қорытпалардың коррозиясы. Коррозия түрлері. Алдын алу шаралары.
77. Мырыш пен мыстың маңызды қосылыстары, оксидтері, гидроксидтері және қасиеттері.
78. Темір мен хромның маңызды қосылыстары, оксидтері, гидроксидтері және қасиеттері.
79. Металдар мен олардың қорытпаларын алу тәсілдері.
80. Бейметалдар, металдар және олардың қосылыстары арасындағы генетикалық байланыс.

81. Атомдық орбитальдардың гибридтенуі ( $sp$ ,  $sp^2$ ,  $sp^3$ ), молекулалардың геометриясы. Гибридтену түрін және молекулалардың кеңістіктік құрылысын анықтау.
82. Заттардың қасиеттерінің молекулалардың химиялық, электрондық және кеңістіктік құрылысына, сондай-ақ атомдардың өзара әсеріне тәуелділігі.
83. Тұздардың балқымалары мен ерітінділерінің электролизі.
84. Органикалық қосылыстардың құрылыс теориясы. Негізгі қағидалары. Еркін радикалдар туралы түсінік. Бейорганикалық және органикалық заттардың өзара байланысы.
85. Көміртегі атомының құрылыс ерекшеліктері, органикалық қосылыстардағы көміртегі атомы орбитальдарының гибридтенуі ( $sp$ ,  $sp^2$ ,  $sp^3$ ), молекула пішіндері, валенттік бұрыштар. Органикалық қосылыстардағы химиялық байланыстардың түрлері, түзілу механизмдері және электрондық табиғаты; коваленттік байланыс, оның ұзындығы, кеңістіктік бағытталуы, энергиясы, сигма- және пи-байланыстар, сутектік байланыс.
86. Органикалық заттардың жіктелуі мен номенклатурасы, функционалдық топтар, көмірсутектер, оттекті және азотты қосылыстар. Гомология және гомологтар, изомерия және изомерлер туралы түсінік. Органикалық қосылыстардың табиғаттағы және адам ағзасындағы маңызы.
87. Алкандар: гомологтық қатары, жалпы формуласы, метан және оның гомологтарының молекулалық құрылысы, алкандардағы гибридтену түрі, изомериясы, номенклатурасы. Табиғатта кездесуі. Физикалық және химиялық қасиеттері, орынбасу реакциялары.
88. Алкендер: гомологтық қатары, жалпы формуласы, этилен және оның гомологтарының молекулалық құрылысы, гибридтену түрі, изомериясы, номенклатурасы. Табиғатта кездесуі. Физикалық және химиялық қасиеттері, қосылу, полимерлену және тотығу реакциялары.
89. Алкадиендер: түсінігі, жалпы формуласы, гибридтену түрі, изомериясы, номенклатурасы, физикалық қасиеттері.
90. Алкиндер: гомологтық қатары, жалпы формуласы, ацетилен және оның гомологтарының молекулалық құрылысы, алкиндердегі гибридтену түрі, изомериясы, номенклатурасы. Ацетиленді алу. Физикалық және химиялық қасиеттері.
91. Арендер. Бензол және оның гомологтары. Бензол молекуласының құрылысы, бензолға тән реакциялар.
92. Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасы. Спирттер: құрамы, құрылысы, қасиеттері, жіктелуі. Көпәтомды спирттер, олардың құрылысы және анықтауға арналған сапалық реакциялар.
93. Фенол: молекуласының құрылысы мен қасиеттері, молекуладағы атомдар мен топтардың өзара әсері, фенолдың қасиеттері, сапалық реакциясы және қолданылуы.
94. Альдегидтер мен кетондар. Құрамы, құрылысы, функционалдық тобы, номенклатурасы, физикалық және химиялық қасиеттері. Формальдегидтің, ацетальдегидтің және ацетонның алынуы мен қолданылуы.
95. Карбон қышқылдары. Құрамы, құрылысы, карбоксил тобы, номенклатурасы, физикалық және химиялық қасиеттері. Құмырсқа және сірке қышқылдары, олардың тұздары мен эфирлері. Май қышқылдары туралы түсінік.
96. Күрделі эфирлер мен майлар. Құрылысы, алынуы, қасиеттері, табиғатта таралуы және қолданылуы. Майлардың гидролизі және сабындану реакциясы.

97. 97. Көмірсулар. Жіктелуі. Глюкоза мен фруктозаның құрылысы, қасиеттері және биологиялық маңызы. Сахароза, крахмал және целлюлоза, олардың құрылысы мен қасиеттері.
98. 98. Аминдер және аминқышқылдары. Құрылысы, жіктелуі, номенклатурасы, физикалық және химиялық қасиеттері. Аминқышқылдардың амфотерлігі және биологиялық рөлі.
99. Ақуыздар. Құрамы, құрылысы, қасиеттері, биологиялық маңызы. Ақуыздардың құрылымдық деңгейлері. Ақуыздарға сапалық реакциялар.
100. Нуклеин қышқылдары. ДНҚ мен РНҚ құрылысы, қасиеттері және биологиялық қызметтері. Нуклеотидтердің құрылысы. Генетикалық ақпараттың сақталуы мен берілуіндегі рөлі.

## БИОЛОГИЯ

1. Биология ғылымы. Анықтамасы. Міндеттері.
2. Биологияның даму тарихы. Биологияның бөлімдері.
3. Прокариоттардың жасушалық ұйымдасу ерекшеліктері. Бактериялардың құрылысы мен түрлері.
4. Жасушаның негізгі компоненттерінің құрылысы мен қызметтері: қабықша, ядро, цитоплазма.
5. Жалпы маңызы бар жасушаішілік органоидтардың құрылысы мен қызметтері: эндоплазмалық тор, Гольджи кешені, митохондриялар, лизосомалар.
6. Уақытша қызмет атқаратын органоидтар. Жасуша қосындылары.
7. Жалпы маңызы бар жасушаішілік органоидтардың құрылысы мен қызметтері: рибосомалар, жасуша орталығы, микротүтікшелер.
8. Ақуыз биосинтезі. Транскрипция, кезеңдері, сипаттамасы.
9. Ақуыз биосинтезі. Трансляция, кезеңдері, сипаттамасы.
10. Жасуша құрылысы. Эукариоттардың жасушалық ұйымдасу ерекшеліктері.
11. Жасуша цитоскелеті, құрылысы мен қызметтері.
12. Хромосомалық аурулар. Патау синдромы.
13. Нуклеин қышқылдарының құрылысы, қызметтері және жіктелуі. ДНҚ құрылысы.
14. ДНҚ репликациясы. Репликативті кешеннің түзілуі. Механизмі.
15. Биологиялық мембраналардың құрылысы, қасиеттері және қызметтері. Биологиялық мембраналардың маңызы.
16. Мембрана арқылы тасымал. Төмен молекулалы заттардың белсенді тасымалы.
17. Мембрана арқылы тасымал. Төмен молекулалы заттардың пассивті тасымалы.
18. Мембрана арқылы тасымал. Жоғары молекулалы заттардың тасымалы. Эндоцитоз.
19. Мембрана арқылы тасымал. Жоғары молекулалы заттардың тасымалы. Экзоцитоз.
20. Жасушадағы РНҚ түрлері. РНҚ қызметтері. мРНҚ-ның кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері.
21. Жасушадағы РНҚ түрлері. Әртүрлі РНҚ түрлерінің қызметтері. рРНҚ-ның кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері.
22. Жасушадағы РНҚ түрлері. Әртүрлі РНҚ түрлерінің қызметтері. тРНҚ-ның кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері.
23. Интерфаза кезеңдерінің сипаттамасы. G1, S, G2 және M кезеңдері.
24. Онтогенез. Онтогенез түрлері. Ағзаның қартаюы.
25. Онтогенез. Эмбриондық кезең. Бөлшектену және бластула. Гастроула және нейрула. Гистогенез және органогенез.
26. Хромосомалардың құрылысы мен қызметтері.

27. Мутагенез және мутагендік факторлар. Жіктелуі.
28. Мутациялар. Мутациялардың түрлері.
29. Аллельді гендердің өзара әрекеттесу түрлері. Толық доминанттылық. Толық емес доминанттылық. Кодоминанттылық.
30. Аллельді емес гендердің өзара әрекеттесу түрлері. Комплементарлық. Эпистаз. Полимерия.
31. Негізгі терминдер мен ұғымдар. Ген және хромосома.
32. Мендельдік белгілер. Бірінші ұрпақтың біркелкілік заңы. Ажырау заңы.
33. Белгілердің тәуелсіз тұқым қуалау заңы. Ди- және полигибридті будандастыру ерекшеліктері.
34. Вирустардың генетикалық аппаратының ерекшеліктері. ДНҚ және РНҚ құрамды вирустар.
35. Популяциялық генетиканың негіздері. Популяция. Популяция түрлері.
36. Популяция. Харди–Вайнберг заңы.
37. Мейоздың биологиялық маңызы. Мейоз I.
38. Мейоздың биологиялық маңызы. Мейоз II.
39. Генетикалық код: түсінігі, қасиеттері.
40. Ақуыздардың құрылымдық ұйымдасуы.
41. Митоздың биологиялық маңызы. Профаза. Метафаза. Анафаза. Телофаза.
42. Гендік мутациялар. Гендік мутациялардың түрлері. Бейтарап мутациялар, миссенс-мутация, нонсенс-мутация, реттеуші мутация.
43. Хромосомалық мутациялар. Хромосомалық мутациялардың түрлері: делеция, дупликация, транслокация және т.б.
44. Геномдық мутациялар. Геномдық мутациялардың түрлері. Гаплоидия. Полиплоидия. Анеуплоидия.
45. ДНҚ-ның кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері. ДНҚ-ның қасиеттері мен қызметтері.
46. Хромосомалық аурулар. Клайнфельтер синдромы.
47. Хромосомалық аурулар. Мысық айқайы синдромы (Кри-дю-ша синдромы).
48. Ақуыздар. Ақуыздардың жіктелуі. Ақуыздардың қасиеттері мен қызметтері.
49. Гормондар. Гормондарды химиялық құрамы бойынша жіктеу. Гидрофильді гормондар. Гидрофобты гормондар. Гормон түзуші құрылымдар.
50. Тіршіліктің ұйымдасу деңгейлері.
51. Хромосомалардың морфологиялық жіктелуі: метацентрлі, акроцентрлі, субметацентрлі, телоцентрлі хромосомалар.
52. Генетика ғылымы. Анықтамасы. Міндеттері. Даму тарихы.
53. Хромосомалық аурулар. Даун синдромы.
54. Хромосомалық аурулар. Эдвардс синдромы.
55. Хромосомалық аурулар. Шерешевский–Тернер синдромы.
56. Экология негіздері.
57. Гаметогенез және оның кезеңдері. Сперматогенез.
58. Гаметогенез және оның кезеңдері. Овогенез.
59. Өсімдік тамыры. Тамырлардың түрлері. Тамыр жүйелерінің типтері.
60. Жапырақ. Жапырақтың сыртқы құрылысы. Жүйкеленуі.
61. Жай және күрделі жапырақтар. Жапырақтардың орналасуы.
62. Өсімдіктердің көбеюі және оның маңызы. Көбею тәсілдері.
63. Бактериялардың құрылысы мен тіршілік әрекеті, олардың көбеюі.

64. Бактериялардың табиғаттағы, өнеркәсіптегі, медицинадағы және ауыл шаруашылығындағы рөлі. Ауру қоздырғыш бактериялар және олармен күресу жолдары.
65. Балдырлар. Біржасушалы және көпжасушалы балдырлардың құрылысы мен тіршілік әрекеті.
66. Балдырлардың көбеюі. Жіптәрізді балдырлар. Теңіз балдырлары.
67. Саңырауқұлақтардың жалпы сипаттамасы. Қалпақты саңырауқұлақтар, олардың құрылысы және қоректенуі.
68. Зең саңырауқұлақтары. Пеницилл және оны антибиотиктер алу үшін пайдалану. Ашытқылар. Өсімдік ауруларын тудыратын паразит саңырауқұлақтар.
69. Жануарлар дүниесінің алуан түрлілігі. Жануарлардың өсімдіктерден негізгі айырмашылықтары және ұқсастық белгілері.
70. Жануарлар систематикасы.
71. Кәдімгі амеба. Біржасушалы организм жасушасының құрылыс ерекшеліктері. Тіршілік ортасы. Қозғалуы. Қоректенуі. Тыныс алуы. Зат алмасу өнімдерін шығаруы. Көбеюі. Циста түзуі.
72. Біржасушалы жануарлардың алуан түрлілігі: жасыл эвглена, оның құрылысы мен қоректену ерекшеліктері, кірпікшелі кебісше.
73. Тұщы су гидрасы. Тіршілік ортасы. Сыртқы және ішкі құрылысы.
74. Ланцетник. Тіршілік ортасы. Ланцетниктің төменгі сатыдағы хордалыларға тән құрылыс ерекшеліктері. Типтің жалпы сипаттамасы.
75. Балықтар класы. Балықтардың тіршілік ортасы. Сыртқы және ішкі құрылысының, көбеюінің ерекшеліктері.
76. Қосмекенділер класы. Бақа. Сыртқы және ішкі құрылысының, көбеюінің ерекшеліктері.
77. Бауырымен жорғалаушылар класы. Кесіртке. Тіршілік ортасы, құрылысының, көбеюінің және құрлықтағы тіршілікке байланысты мінез-құлқының ерекшеліктері. Регенерация.
78. Құстар класы. Сыртқы және ішкі құрылысы. Көбеюі және дамуы.
79. Сүтқоректілер класы. Сүтқоректілердің сыртқы және ішкі құрылысының ерекшеліктері. Көбеюі. Сүтқоректілердің түрлері.
80. Адам ағзасына жалпы шолу. Адам ағзасының құрылысы, тіршілік әрекеті және гигиенасы туралы білімнің денсаулықты сақтаудағы маңызы.
81. Тірек-қимыл жүйесі. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы. Адам қаңқасы, адам мен жануарлар қаңқасының ұқсастығы. Сүйектердің құрамы, құрылысы және қасиеттері. Сүйектердің өсуі.
82. Бұлшықеттер, олардың қызметтері. Адам денесінің негізгі бұлшықет топтары. Бұлшықеттердің жұмысы.
83. Қан және қанайналым. Ағзаның ішкі ортасы (қан, ұлпааралық сұйықтық, лимфа) және оның салыстырмалы тұрақтылығы. Қан мен қанайналымның маңызы.
84. Қанның құрамы. Қан топтары. Донорлық.
85. Қанайналым мүшелері: жүрек және қан тамырлары (артериялар, капиллярлар, веналар).
86. Жүрек, оның құрылысы мен қызметі. Қанайналымның үлкен және кіші шеңберлері. Лимфа айналымы.
87. Тыныс алу. Тыныс алудың маңызы. Тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметтері.

88. Ас қорытудың маңызы. Ас қорыту мүшелерінің құрылысы мен қызметтері. Тістер, тіс ауруларының алдын алу. Ас қорыту ферменттері және олардың маңызы. Бауыр мен ұйқыбез, олардың ас қорытудағы рөлі.
89. Зәр шығару жүйесінің мүшелері, олардың қызметтері. Аурулардың алдын алу.
90. Терінің құрылысы мен қызметтері. Терінің жылу реттеудегі рөлі. Тері гигиенасы, киім мен аяқ киімге қойылатын гигиеналық талаптар.
91. Ішкі секреция бездерінің ағзаның өсуі, дамуы және қызметтерін реттеудегі маңызы. Гормондар. Жыныс бездерінің ағзаның дамуындағы рөлі. Жыныстық жетілу.
92. Жүйке жүйесінің адам ағзасының қызметтерін реттеу мен үйлестірудегі және ағзаның сыртқы ортамен байланысындағы маңызы. Орталық және шеткі жүйке жүйесі. Жұлын мен ми бөлімдерінің құрылысы және қызметтері.
93. Ұрықтану және құрсақішілік даму. Баланың дүниеге келуі. Баланың өсуі мен дамуы.
94. Т. Морган заңдары. Тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясы.
95. Жалпақ құрттар типі, олардың алуан түрлілігі. Бауыр сорғышының құрылысы мен тіршілік циклі.
96. Жалпақ құрттар типі, олардың алуан түрлілігі. Сібір сорғышының құрылысы мен тіршілік циклі.
97. Жұмыр құрттар типі. Адам аскаридасы – адамның паразиті.
98. Жұмыр құрттар типі. Адам острицасы – адамның паразиті.
99. Буынаяқтылар типі. Өрмекшітәрізділер класы. Сыртқы құрылысының, қоректенуінің және тыныс алуының ерекшеліктері. Кенелер.
100. Бунакденелілер класы. Бунакденелілердің құрылысы мен тіршілік әрекеттерінің ерекшеліктері. Биттер және олардың түрлері. Көбеюі.

### **МЕДИКО-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС (оқу мерзімі – 4 жыл)**

#### **«Эпидемиология» пәні бойынша базалық білімді бағалауға арналған әңгімелесу сұрақтары**

1. Эпидемиологияға анықтама беріңіз.
2. Эпидемиологияның объектісі мен пәні.
3. Эпидемиологиялық зерттеу әдістері.
4. Эпидемиялық процесс туралы түсінік.
5. Эпидемиялық процестің даму кезеңдері.
6. Инфекция көзі: анықтамасы, түрлері.
7. Инфекциялық ауру қоздырғыштарының берілу жолдары.
8. Инфекцияның берілу механизмдері.
9. Қабылдағыш ағза: эпидемиялық процестегі рөлі.
10. Ағзаның қабылдағыштығына әсер ететін факторлар.
11. Инфекциялық процесс туралы түсінік.
12. Инфекциялық процестің көріну түрлері.
13. Иммунитет: түрлері, эпидемиологиядағы маңызы.
14. Ұжымдық иммунитет.
15. Эпидемиялық ошақ және оның құрылымы.
16. Инфекциялық аурулардың жіктелуі.
17. Инфекциялық аурулардың эпидемиологиялық жіктелуі.
18. Аурушандық және оның көрсеткіштері туралы түсінік.
19. Аурушандықтың түрлері.
20. Аурушандықты зерттеу әдістері.

21. Инфекциялық аурушандық көрсеткіштері (деңгейі, құрылымы, динамикасы).
22. Эпидемия, пандемия және эндемия туралы түсінік.
23. Эпидемияның даму кезеңдері.
24. Инфекциялық аурулардың профилактикасы: анықтамасы, түрлері.
25. Дезинфекция: түрлері, мақсаттары.
26. Дезинсекция және дератизация.
27. Эпидемиологиядағы санитариялық-гигиеналық шаралар.
28. Вакцинопрофилактика: вакциналардың түрлері.
29. Жоспарлы және шұғыл вакцинация.
30. Эпидемиологиялық қадағалаудың ерекшеліктері.
31. Ішек инфекцияларының эпидемиологиясы.
32. Тырысқақтың инфекция көздері мен берілу жолдары.
33. Дизентерияның эпидемиологиялық ерекшеліктері.
34. А вирусты гепатитінің профилактикасы.
35. Тағамдық токсикоинфекциялардың эпидемиологиясы.
36. Ауа-тамшылы инфекциялар: сипаттамасы.
37. Қызылшаның инфекция көзі мен берілу жолдары.
38. Көкжөтелдің профилактикасы.
39. Туберкулездің эпидемиологиясы.
40. Менингококк инфекциясының берілу механизмдері.
41. Қан арқылы берілетін инфекциялар: сипаттамасы.
42. АИТВ-инфекциясының эпидемиологиясы.
43. АИТВ-ның алдын алу шаралары.
44. В гепатитіне қарсы вакцинация.
45. Табиғи-ошақты инфекциялардың эпидемиологиясы.
46. Туляремияның инфекция көздері мен тасымалдаушылары.
47. Кене энцефалитінің эпидемиологиясы.
48. Кене шағуынан қорғану шаралары.
49. Іш сүзегінің эпидемиологиясы.
50. Сальмонеллездің профилактикасы.
51. Ауру ошағы кезінде эпидемияға қарсы іс-шаралар.
52. Карантин және обсервация ұғымдары.
53. Инфекция ошағын эпидемиологиялық тексеру.
54. Қарым-қатынаста болған адамдарды медициналық бақылау.
55. Науқастарды ауруханаға жатқызу және оқшаулау.
56. Инфекциялардың алдын алудағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің рөлі.
57. Инфекциялық ауруларды тіркеу және есепке алу.
58. Инфекциялық аурулар бойынша статистикалық есептілік.
59. Эпидемиялық өршулерді тергеп-тексеру тәртібі.
60. Инфекция патогенезінің эпидемиологиялық маңызы.
61. Зертханалық диагностиканы пайдалану.
62. Эпидемияға қарсы дайындық және ден қою.
63. Эпидемиологиядағы ПТР әдісінің рөлі.
64. Емдеу-профилактикалық ұйымдардағы инфекциялық бақылау ұғымы.
65. Ауруханашілік инфекциялар және олардың профилактикасы.
66. Емдеу-профилактикалық ұйымдардағы дезинфекциялық шаралар.
67. Стационардағы эпидемиолог жұмысының қағидаттары.
68. Эпидемиологияның заманауи даму үрдістері.
69. Вирустар мутацияларының эпидемиологиялық маңызы.

70. COVID-19: эпидемиологиялық ерекшеліктері.
71. Инфекцияларды бақылаудағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының рөлі.
72. Халықаралық медициналық-санитариялық қағидалар.
73. Биотерроризм және эпидемиологиялық қауіпсіздік.
74. Эпидемиологиялық мониторинг.
75. Эпидемиологияда геоақпараттық жүйелерді (ГАЗ) пайдалану.
76. Эпидемиологиялық қадағалаудағы цифрлық технологиялар.
77. Төтенше жағдайларда инфекциялардың профилактикасы.
78. Инфекцияларды жоюдағы вакцинацияның рөлі.
79. Вакцинадан кейінгі асқынулар және оларды есепке алу.
80. Халықтың эпидемиологиялық сауаттылығын арттыру.
81. Инфекцияның «репродуктивтік саны» дегеніміз не және ол аурудың таралуына қалай әсер етеді?
82. Эпидемиялық өршуді эпидемиологиялық зерттеу қандай кезеңдерді қамтиды?
83. Эпидемиялық процестегі тасымалдаушылықтың рөлі қандай?
84. Мемлекеттік шекаралардың санитариялық қорғалуы дегеніміз не және оның эпидемиологиядағы маңызы қандай?
85. Эпидемиологиялық болжау туралы түсінік.
86. Эпидемиологиялық карталаудың кезеңдері қандай?
87. Инфекцияларды белсенді және пассивті анықтаудың айырмашылығы неде?
88. Сероэпидемиологиялық мониторингтің түсінігі мен әдістері.
89. Эпидемиологиялық коэффициенттерді (интенсивті, экстенсивті) есептеудің негіздері.
90. Профилактикалық іс-шаралардың тиімділігі қалай бағаланады?
91. Инфекцияның жұқпалылық (контагиоздылық) индексі қалай анықталады?
92. Эпидемиологиядағы математикалық модельдеудің негізгі әдістері.
93. «Аурушандық шегі» дегеніміз не және ол қалай есептеледі?
94. Инфекциялық аурулардың таралуындағы симптомсыз түрлердің рөлі.
95. Зооноздық инфекциялар эпидемиологиясының ерекшеліктері қандай?
96. Эпидемиологиялық қадағалаудағы «синдромдық тәсіл» ұғымы.
97. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (ЖЖБИ) эпидемиологиялық ерекшеліктері.
98. Төтенше жағдайларда санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қалай ұйымдастырылады?
99. Аймақтың немесе мекеменің «эпидемиологиялық дайындығы» дегеніміз не?
100. Инфекциялық ауру туралы шұғыл хабарламаға қандай мәліметтер енгізіледі?

#### **«Тамақтану гигиенасы» пәні бойынша**

1. Тамақтану гигиенасы ұғымы және оның міндеттері.
2. Тамақтанудың адам денсаулығына әсері.
3. Тиімді (рационалды) тамақтану қағидаттары.
4. Тағамның энергетикалық құндылығы және оны есептеу.
5. Тамақтану рационындағы ақуыздар, майлар және көмірсулардың теңгерімі.
6. Тағамдық талшықтар және олардың маңызы.
7. Ақуыздарға тәуліктік қажеттілік.
8. Майлардың адам тамақтануындағы рөлі.
9. Көмірсулар: жіктелуі және қызметтері.

10. Халықтың әртүрлі топтары үшін энергияға тәуліктік қажеттілік.
11. Су және адамның су ішу режимі.
12. Тағамның негізгі қызметтері.
13. Тағам өнімдерінің жіктелуі.
14. Алиментарлық аурулар туралы түсінік.
15. Алиментарлық аурулар бойынша қауіп-қатер топтары.
16. Тағамдық мәртебе (нутритивтік статус) туралы түсінік.
17. Халықтың тамақтануын бағалау әдістері.
18. Ашығу: жіктелуі, салдары.
19. Нутриенттік тығыздық ұғымы.
20. Тамақтанудың негізгі көздері.
21. Ақуыздар: көздері, биологиялық құндылығы.
22. Майлар: қаныққан және қанықпаған майлар, олардың қызметтері.
23. Көмірсулар: тез және баяу сіңірілетін көмірсулар.
24. Балластық заттар.
25. Тағамдық қоспалар: жіктелуі және бақылау.
26. Дәрумендер: рөлі, гиповитаминоз және авитаминоз.
27. Минералдық заттар: кальций (Ca), темір (Fe), мырыш (Zn) және т.б.
28. Биологиялық белсенді заттар (ББЗ).
29. Тағам құрамындағы антиоксиданттар.
30. Тағамдық токсиканттар.
31. Микроэлементтер мен макроэлементтер: маңызы, көздері.
32. Тұз бен қантты тұтынудың гигиеналық нормалары.
33. Функционалдық тағам өнімдері.
34. Генетикалық түрлендірілген өнімдер (ГТӨ) және олардың гигиеналық бағасы.
35. Алкоголь және оның зат алмасуға әсері.
36. Өнімдердің энергетикалық және тағамдық құндылығы.
37. Тағам өнімдерін химиялық талдау әдістері.
38. Тағамдық аллергиялар.
39. Тағамдық көтере алмаушылық.
40. Тағамнан улану: жіктелуі, алдын алу.
41. Тағамдық тамақтану ұйымдарын ұйымдастырудың санитариялық қағидалары.
42. Ас блогының санитариялық жағдайы.
43. Тамақтануды бақылаудағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің рөлі.
44. Асүй жабдықтарына қойылатын талаптар.
45. Ас блогы қызметкерлерінің еңбек гигиенасы.
46. Өнімдерді дайындау алдындағы өңдеу.
47. Тез бұзылатын өнімдерді сақтау.
48. Тағамды термиялық өңдеу режимдері.
49. Дайын тағамның сапасын бақылау.
50. Тағамды бағалаудың органолептикалық әдістері.
51. Ыдыс-аяқ пен құрал-жабдықтардың тазалығын бақылау.
52. Тағам объектілеріне микробиологиялық зерттеулер жүргізу.
53. Қызметкерлердің жеке медициналық кітапшалары.
54. Тағам дайындау технологиясындағы санитариялық үзілістер.
55. Тамақтандыру кәсіпорындарындағы сумен жабдықтауды бақылау.
56. Тағам қалдықтарын кәдеге жарату.
57. Диеталық тағамдарды дайындау технологиясы.
58. Тағам өнімдерінің қаптамасына қойылатын гигиеналық талаптар.

59. Тағам өнімдерін міндетті таңбалау.
60. Өнімдерді тасымалдауға қойылатын эпидемиологиялық талаптар.
61. Емдік тамақтанудың негізгі қағидаттары.
62. Созылмалы аурулар кезіндегі емдік тамақтанудың рөлі.
63. Қант диабеті кезіндегі диета.
64. Асқазан-ішек жолы аурулары кезіндегі тамақтану.
65. Семіздік кезіндегі диета.
66. Тұзы төмен және төмен калориялы диеталар.
67. Вегетариандық; артықшылықтары мен кемшіліктері.
68. Балаларға арналған емдік тамақтанудың қағидаттары.
69. Жүрек-қантaмыр аурулары кезіндегі диеталар.
70. Глютенсіз диета.
71. Бүйрек қызметі бұзылған кездегі тамақтану.
72. Егде жастағы адамдардың тамақтану ерекшеліктері.
73. Онкологиялық аурулар кезіндегі тамақтану.
74. Спорттық тамақтану.
75. Ауыр жағдайлардағы нутритивтік қолдау.
76. Энтералды және парентералды тамақтану.
77. Қалпына келтіру тамақтануындағы ақуыздың рөлі.
78. Жүкті және бала емізетін әйелдердің тамақтану гигиенасы.
79. Жаңа туған нәрестелердің тамақтануының гигиеналық аспектілері.
80. Емдеу-профилактикалық ұйымдарда диеталық тамақтануды бақылау.
81. Алиментарлық тәуелді аурулар.
82. Семіздік – медициналық-гигиеналық мәселе ретінде.
83. Дұрыс тамақтанбау және микронутриенттер тапшылығы.
84. Нутригенетика және тамақтану.
85. Метаболикалық синдром.
86. Мегаполис жағдайындағы ұтымды тамақтану.
87. Фастфуд: гигиеналық бағалау.
88. Тұтынушылардың мінез-құлқы және тағам мәдениеті.
89. Салауатты тамақтану мінез-құлқын қалыптастыру қағидаттары.
90. Гиповитаминоздардың алдын алу.
91. Әйелдер мен балалардағы анемиялардың профилактикасы.
92. Маркетингтің тағамдық әдеттерге әсері.
93. Төтенше жағдайлар кезіндегі тамақтану гигиенасы.
94. Азық-түлік қауіпсіздігі.
95. Салауатты тамақтану жөніндегі ұлттық бағдарламалар.
96. Халықтың медициналық-гигиеналық сауаттылығын арттыру.
97. Тамақ өнеркәсібі және сапаны бақылау.
98. Қатерлі ісіктің алдын алудағы тамақтану гигиенасының рөлі.
99. Тамақтанудың этикалық және діни аспектілері.
100. Тамақтану гигиенасының даму перспективалары.

**«Еңбек гигиенасы» пәні бойынша:**

1. Тамақтану гигиенасының даму перспективалары.
2. Еңбек гигиенасының түсінігі және міндеттері.
3. Еңбек гигиенасының пәні мен әдістері.

4. Еңбек гигиенасының даму тарихы.
5. Еңбек жағдайларының жұмысшылар денсаулығына әсері.
6. Еңбек жағдайларының жіктелуі.
7. Еңбекті қорғау саласындағы заңнама.
8. Еңбек гигиенасының аурулардың алдын алудағы рөлі.
9. Еңбектің гигиеналық жіктелуі.
10. Еңбек жағдайларына санитариялық бақылауды ұйымдастыру.
11. Өндірісте мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау қызметінің функциялары.
12. Өртүрлі салалардағы (металлургия, химия және т.б.) еңбек ерекшеліктері.
13. Еңбек процесінің сипаттамасы.
14. Физикалық жүктеменің түрлері және оны бағалау.
15. Еңбектің ауырлығы мен кернеулігі.
16. Еңбек жағдайларын зерттеу әдістері.
17. Еңбек жағдайларының санитариялық сипаттамасы түсінігі.
18. Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау.
19. Өндірістік дәрігердің орны мен рөлі.
20. Өндірістік жарақаттану және оның алдын алу.
21. Еңбекті қорғау бойынша нормативтік құжаттар.
22. Шу: көздері, түрлері және гигиеналық маңызы.
23. Дірілдің адам ағзасына әсері.
24. Өндірістік үй-жайларды жарықтандыру.
25. Табиғи және жасанды жарықтандыру.
26. Өндірістік микроклимат.
27. Микроклимат параметрлері: температура, ылғалдылық, ауа қозғалыс жылдамдығы.
28. Иондаушы сәулелену және оның гигиеналық бағасы.
29. Электромагниттік өрістер және СВЧ (ультражоғары жиілік).
30. Өндірістегі лазерлік сәулелену.
31. Ультрадыбыс және инфрадыбыс.
32. Өндірістік шу және оны нормалау.
33. Діріл әсерінің алдын алу.
34. Желдетуге қойылатын гигиеналық талаптар.
35. Аэрозольдер: жіктелуі және қауіптілігі.
36. Өндірістік шаң: қасиеттері және зияны.
37. Шу мен діріл деңгейін өлшеу әдістері.
38. Жарықтандыруға қойылатын санитариялық нормалар.
39. Жылулық және суықтық стресс.
40. Микроклимат параметрлерін бақылау.
41. Химиялық фактор туралы түсінік.
42. Химиялық заттардың ағзаға түсу жолдары.
43. Өндірістік уыттардың жіктелуі.
44. Токсикалық заттардың органотропты әсері.
45. Жедел және созылмалы уланулар.
46. Кәсіби уланулардың сипаттамасы.
47. Химиялық заттардың ағзаға түсу жолдары.
48. Жұмыс аймағы ауасының ластануын бақылау.
49. Ауа сынамаларын алу әдістері.
50. Өндірістегі биологиялық факторлар.
51. Қызметкерлер арасында инфекциялық аурулардың алдын алу.

52. Бактериологиялық агенттердің қауіптілігі.
53. Жұмыс орнындағы аллергиялардың әсері.
54. Байланыс дерматитінің алдын алу.
55. Ауыр металдардың токсикологиялық сипаттамасы.
56. Бензол және оның туындыларының әсері.
57. Еріткіштердің денсаулыққа әсері.
58. Пестицидтердің әсері және оларды бақылау.
59. Комбинацияланған әсердің гигиеналық сипаттамасы.
60. Жұмысшылардың биомониторингі.
61. Кәсіпорындардағы жалпы санитариялық шаралар.
62. Өнеркәсіптік санитарияға қойылатын талаптар.
63. Санитариялық-тұрмыстық бөлмелердің құрылымы.
64. Желдету: түрлері, жұмыс істеу принциптері.
65. Жергілікті және жалпы сорғыш желдету.
66. Өндірістегі сумен жабдықтау және кәріз жүйесі.
67. Кәсіпорынды жоспарлауға қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптар.
68. Санитариялық нормалардың сақталуын бақылау.
69. Еңбек қауіпсіздігі техникасына қойылатын талаптар.
70. Жұмысшылардың медициналық тексерістері.
71. Міндетті және алдын ала медициналық тексерістер.
72. Персоналды санитариялық-гигиеналық оқыту.
73. Арнайы киім және жеке қорғану құралдары.
74. Еңбек қызметінің психофизиологиялық сипаттамасы.
75. Еңбекті ұйымдастыруда биоритмдерді есепке алу.
76. Еңбек пен демалыстың ұтымды режимін ұйымдастыру.
77. Өндірістік гимнастиканың рөлі.
78. Әйелдер мен жасөспірімдердің еңбегі: гигиеналық аспектілері.
79. Шаршау мен стресстің алдын алу.
80. Жұмыс орындарын эргономикалық жобалау негіздері.
81. Кәсіби ауру туралы түсінік.
82. Кәсіби аурулардың жіктелуі.
83. Кәсіби ауруларды диагностикалау.
84. Созылмалы кәсіби аурулардың алдын алу.
85. Діріл ауруы: себептері, алдын алу.
86. Шу ауруы: клиникасы, алдын алу.
87. Пневмокониоздар: сипаттамасы, алдын алу.
88. Силикоз: себептері, клиникасы, қорғану шаралары.
89. Терінің кәсіби аурулары.
90. Көздің кәсіби аурулары.
91. Өндірістегі нейротоксикалық зақымданулар.
92. Психоэмоционалдық жүктеме және оның салдары.
93. Жұмысшылардағы аллергиялық аурулар.
94. Кәсіби онкологиялық қауіптің алдын алу.
95. Көміртек тотығымен улану.
96. Өндірістік жағдайдағы денсаулықты бақылау.
97. Диспансерлеудің рөлі.
98. Кәсіби аурулардың әлеуметтік салдары.
99. Еңбекке жарамдылықты жоғалту кезіндегі өтемақылар.

100. Еңбек гигиенасы мен жұмысшылар денсаулығын қорғаудың даму перспективалары

**«Коммуналдық гигиена» пәні бойынша:**

1. Табиғи жарықтың гигиеналық маңызы.
2. Инсоляцияға қойылатын санитариялық нормалар.
3. Үй-жайларды табиғи және жасанды жарықтандыру.
4. Жарық көздерінің гигиеналық сипаттамасы.
5. Жарық-техникалық есептеулер.
6. Жарықтандыру көрсеткіштері (жарықтану деңгейі, жарықтылық және т.б.).
7. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы жарықтандыру нормалары.
8. Жарықтың көру қабілетіне және жұмысқа қабілеттілікке әсері.
9. Жарықтан болатын шаршаудың алдын алу.
10. Тұрғын үй жағдайлары және халық денсаулығы.
11. Тұрғын үй-жайларға қойылатын талаптар.
12. Тұрғын үйдегі микроклимат.
13. Тұрғын үйлердегі желдету жүйесі.
14. Мебель мен әрлеу материалдарының гигиеналық сипаттамасы.
15. Қоныстану тығыздығына қойылатын гигиеналық талаптар.
16. Тұрғын үйдің санитариялық жағдайы.
17. Тұрмыстық жағдайлар және алиментарлық аурулар.
18. Балалар мен оқу орындарының гигиенасы.
19. Тұрғын үйдің санитариялық жағдайын бақылау.
20. Коммуналдық гигиенаның инфекциялық және созылмалы аурулардың алдын алудағы рөлі.
21. Санитарлық-инфекциялық аурулардың алдын алудың негізгі бағыттары.
22. Санитарлық-қорғау аймақтары: анықтамасы және гигиеналық маңызы.
23. Елді мекен аумағындағы өнеркәсіптік кәсіпорындарды гигиеналық бағалау.
24. Климат пен ауа райының елді мекендердің санитариялық жағдайына әсері.
25. Демалыс және рекреация аймақтарының гигиеналық сипаттамасы.
26. Топырақты санитариялық қорғауды ұйымдастыру.
27. Елді мекен аумақтарын ұстаудың санитариялық ережелері.
28. Қалалық ортадағы шу ластануының гигиеналық сипаттамасы.
29. Коммуналдық жағдайдағы діріл мен инфрадыбыстың әсері.
30. Тұрғын үйлердегі радон: гигиеналық маңызы және алдын алу.
31. Құрылыс материалдарының үй-жай микроклиматына әсері.
32. Құрылыс және әрлеу материалдарының гигиеналық жіктелуі.
33. Жаңа құрылыстар мен қайта жаңғыртулардағы гигиеналық мәселелер.
34. Аулалар мен кіреберістердің санитариялық жағдайын бақылау.
35. Аумақтарды тазалау: гигиеналық нормативтер және жиілігі.
36. Лифттер мен кіреберістерді санитариялық тазалау және дезинфекциялау.
37. Коммуналдық гигиенаны қамтамасыз етудегі басқарушы компаниялардың рөлі.
38. Балалар ойын алаңдарын гигиеналық бағалау.
39. Жаяу жүргінші аймақтарының жарықтандырылуы және қауіпсіздігі.
40. Елді мекендегі жабайы және қаңғыбас жануарлардың эпидемиологиялық қауіптілігі.
41. Көпқабатты үйлерде үй жануарларын ұстауға қойылатын гигиеналық талаптар.
42. Тұрғын үй қорындағы антисанитариялық жағдайдың алдын алу шаралары.

43. Жертөлелерді өңдеу және зарарсыздандыру.
44. Кене және кеміргіштерге қарсы өңдеу: гигиеналық талаптар.
45. Қоғамдық әжетханаларды гигиеналық бағалау.
46. Метро мен вокзалдардағы ауа сапасын бақылау.
47. Көліктің қалалық ортаның санитариялық жағдайына әсері.
48. Қоқыс полигондарының топырақ пен суға әсері.
49. Тұрғын үй-коммуналдық объектілерді жобалау кезіндегі санитариялық сараптама тәртібі.
50. Автожуу және автосервис орындарын орналастыруды гигиеналық бағалау.
51. Кір жуатын орындар мен химиялық тазалау орындарына қойылатын санитариялық талаптар.
52. Дүкендер мен базарлардың санитариялық жағдайын бақылау.
53. Зираттарға және олардың орналасуына қойылатын гигиеналық талаптар.
54. Мәдениет және демалыс мекемелерін ұстаудың санитариялық ережелері.
55. Спорт залдары мен бассейндердегі ауа сапасын гигиеналық бағалау.
56. Қоғамдық монша мен сауналарға қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптар.
57. Қоршаған ортаның ластануымен күрестегі көгалдандырудың рөлі.
58. Халық тығыздығы жоғары жағдайларда санитариялық жағдайды жақсарту шаралары.
59. Урбанистикалық жоспарлаудың гигиеналық маңызы.
60. Коммуналдық жағдайларда гельминтоздардың таралуының алдын алу.
61. Құдық суын гигиеналық бағалау.
62. Сұйық тұрмыстық қалдықтарды орталықтандырылмаған түрде жою.
63. Аумақтарды су басу кезінде санитариялық қорғау шаралары.
64. Су тасқыны мен наводнение жағдайындағы гигиеналық шаралар.
65. Төтенше жағдайлардан кейінгі дезинфекция және санитариялық өңдеу.
66. Тағам қалдықтарын өңдеудің гигиеналық маңызы.
67. Жаппай демалыс орындарындағы су сапасын гигиеналық бағалау.
68. Су құбыры істен шыққан кезде эпидемиологиялық қауіптер.
69. Елді мекендерде санитариялық-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.
70. Жабық мекемелердегі (түрмелер, казармалар, интернаттар) ауа сапасын бақылау.
71. Тығыз құрылыс салудың санитарлық-гигиеналық жағдайларға әсері.
72. Қалалық аумақтағы көлік тораптарын гигиеналық бағалау.
73. Санитариялық кәріз жүйесін жобалау мен есептеудің негіздері.
74. Тазартылмаған ағынды суларды төгудің санитарлық салдары.
75. Әуежайлар мен вокзалдардың гигиеналық сипаттамасы.
76. Туристік базалар мен қонақ үйлердің санитариялық жағдайын бақылау.
77. Қоқыс контейнер алаңдарына қойылатын гигиеналық талаптар.
78. Климаттық жағдайлардың коммуналдық жүйелер жұмысына әсері.
79. Су тапшылығының гигиеналық аспектілері.
80. Жеке су жабдықтау жүйелерін гигиеналық бағалау.
81. Ішек инфекциясының өршуі кезіндегі негізгі санитариялық шаралар.
82. Эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі коммуналдық қызметтердің рөлі.
83. Жатақханадағы өмір сүру жағдайларын гигиеналық сипаттау.
84. Қаңғыбас жануарларды бақылауды ұйымдастыру.
85. Жаппай іс-шаралар кезіндегі негізгі санитариялық шаралар.
86. Қиыр Солтүстік жағдайындағы гигиенаның ерекшеліктері.
87. Жеке үй учаскелерін абаттандырудың санитарлық-гигиеналық аспектілері.

88. Коммуналдық тәжірибедегі әлеуметтік гигиенаның рөлі.
89. Санитариялық-ағарту жұмыстарының тиімділігі.
90. Суды тазартудың жаңа технологияларына гигиеналық сараптама.
91. Санитарлық-гигиеналық тексерулерді жүргізу тәртібі.
92. Халық денсаулығына қауіп-қатерді талдау әдістері.
93. Коммуналдық гигиенадағы инфекциялық ауруларды мониторингілеу.
94. Аумақтарды санитариялық жіктеу және паспорттау.
95. Автотұрақтарға қойылатын қазіргі санитарлық-гигиеналық талаптар.
96. Су бұру жүйелерінде жаңа материалдарды қолдану және оларды санитариялық бағалау.
97. Уақытша тұрғын үйлерді (құрылыс вагондары, шатырлы лагерьлер) гигиеналық бағалау.
98. Көшелік кеңістіктердің жарықтандырылуы мен қауіпсіздігі.
99. Халық тығыздығы жоғары жағдайлардағы гигиенаның ерекшеліктері.
100. Тұрғын ортадағы электромагниттік өрістердің әсері.

### «ФАРМАЦИЯ»

(на базе высшего образования — «Технология фармацевтического производства»,  
срок обучения 2 года)

#### 1. Фармацевтическая химия

1. Фармацевтикалық химияның пәні, мазмұны, объектілері, негізгі міндеттері.
2. Дәрілік заттардың сапасын мемлекеттік реттеу және бақылау.
3. Дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз ету.
4. Дәрілік заттардың химиялық жіктелуі.
5. Әдістемені таңдау, топтық және жеке сынақтар, ДЗ идентификациясына қойылатын талаптар.
6. Дәрілік заттардың физика-химиялық қасиеттері.
7. Дәрілік заттарды идентификациялау.
8. ҚР Мемлекеттік фармакопеясы бойынша дәрілік препараттарды сандық анықтау.
9. Препараттың сандық құрамын физика-химиялық әдістермен анықтау.
10. Дәрілік заттарды стандарттау.
11. Дәрілік препараттардың тұрақтылығы және сақтау шарттары.
12. Бейорганикалық және органикалық дәрілік препараттардың функционалдық топтары бойынша айырмашылығы.
